



# Haileybury Almaty

## **Жыныстық тәрбие туралы ереже**

Күшіне енген күні  
Қайта қарау күні  
Бекітілен

Тамыз 2023  
Тамыз 2025  
Басшылық

## **МАҚСАТ**

**Бұл ереже Бастауыш және Жоғары мектептерге, сондай-ақ Ерте дамыту сыныптары оқушылары үшін қолданылады.**

Naileubury Almaty оқу барысында барлық оқушыларға қатысты қарым-қатынас және жыныстық тәрбие беру саласында мұқият әзірленген, кешенді білім беру бағдарламасын іске асыру саясатын ұстанады. Бағдарлама оқушылардың жасын, мектептің моральдық принциптерін және оның құндылықтарын ескере отырып жүзеге асырылуы керек.

Ата-аналар өз балаларының жыныстық тәрбие бағдарламасына (толық немесе ішінара) қатыстырудан келесі жағдайларда бас тарта алмайды:

Қарым-қатынас саласындағы білім беру бағдарламасы - Бастауыш сынып оқушыларына арналған (негізінен 5 жастан 6 сыныптың соңына дейін). Ата-аналар бұл бағдарламаға қатысудан бас тарта алмайды.

Қарым-қатынас және жыныстық тәрбие саласындағы білім беру бағдарламасы – Бастауыш мектеп оқушыларына арналған (7-сыныптан бастап). Ата-аналар жоспарланған бағдарламаның мазмұнына байланысты өз баласының қатысуынан ішінара бас тартуға құқылы, мазмұнын "Жеке даму" бағдарламасының үйлестірушісімен талқылауға болады.

Бағдарламаға қатысудан бас тартқысы келетін ата-аналар бұл туралы мектеп директорын жазбаша түрде хабардар етуі керек. Содан кейін олардан бұл шешімді мектеп директорымен талқылау сұралады. Егер оқушы бағдарламаға қатысудан бас тартса, ол болашақта осындай сабақтарға ата-анасының рұқсатынсыз қатыса алмайды.

### **Бағдарламаның мақсаттары:**

- Қолдау көрсететін оқу ортасын қамтамасыз ете отырып, оқушыларға ақпарат беру.
- Басқа адамдарға құрмет, төзімділік, сондай-ақ қарым-қатынастың барлық түрлерін түсінуге тәрбиелеу.
- Жеке жауапкершілік пен өзін-өзі бағалауға тәрбиелеу.
- Өмір салты туралы шешім қабылдау қабілетін, құрдастарының қысымына жауап беру дағдыларын дамыту.
- Жыныстық мінез-құлық пен салауатты өмір салты арасындағы байланысты түсіну.
- Жыныстық мінез-құлық пен алкогольді немесе есірткіні пайдалану сияқты басқа да мәселелер арасындағы байланысты түсінуге ықпал ету.
- Оқушыларға жеке қолдаудың қандай көздері бар екенін түсінуге көмектесу.

### **Бағдарламаның мазмұны**

Бағдарламаның мазмұны

Қарым-қатынас саласында білім беру мектептің оқу бағдарламасының бөлігі болып табылады. Негізінен мұндай білім Бастауыш мектепте PSHE, сондай-ақ жаратылыстану сабақтарында, ал Жоғары мектепте "Жеке даму" сессиялары аясында өтеді. Бұл сабақтарды сынып жетекшілері, пән мұғалімдері, Хаус кураторлары жеке

даму сабақтарында немесе жеке даму бағдарламасының немесе PSHE үйлестірушілері өткізе алады.

Бастауыш және Жоғары мектептегі оқу жоспарлары оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып үнемі жаңартылып отыратын динамикалық жұмыс құжаттары болып табылады. Оларды "Жеке даму" бағдарламасының тиісті үйлестірушісінен сұрауға болады.

Бағдарлама барлық оқушылардың қажеттіліктерін ескеруі керек (оның ішінде өз жынысын немесе жыныстық көзқарасын анықтай алмай жүрген оқушылар, оқытуды және/немесе қолдауды қажет ететін оқушылар).

Моральдық және этикалық мәселелер басқа пәндер бойынша сабақтарда да туындауы мүмкін. Егер бұл тақырып осы пәнге тікелей қатысты болса, онда мұндай сабақ жыныстық тәрбие бағдарламасының бөлігі болып саналмайды, сондықтан ата-аналар баласының осы сабаққа қатысуынан бас тарта алмайды.

### **Осыған байланысты мәселелер**

Оқушылар әдеттегі оқу бағдарламасынан тыс жыныстық тәрбие мәселелері бойынша кеңес алу үшін қызметкерге жүгіне алады. Оқушылар ересек адаммен сенімді сөйлесе алады және бұл процесте олар барлық қажетті көмек пен қолдауды алатынын түсінеді деп үміттенеміз. Дегенмен, оқушының жасына сәйкес келесі ұсыныстарды орындау маңызды.

- Оқушының эмоционалдық немесе физикалық қауіпсіздігіне қауіп төніп тұрса және/немесе заңсыз әрекеттер орын алса, кейбір ақпарат құпия болып қала алмайтыны туралы оқушыға хабарлау керек; мұндай жағдайларда тиісті қызметкер ақпаратты басқа тиісті қызметкерлерге беруі керек. Сонымен бірге оқушыға тиісті қолдау көрсетілуі керек.
- Егер қатыгездіктің қандай да бір түріне күдік болса, бұл туралы мектептің оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы Ережесіне сәйкес шаралар қабылдауы үшін оқушылардың қауіпсіздігіне жауапты маманға дереу хабарлау керек.
- Егер контрацепция бойынша кеңес беру туралы өтініштер түссе ("Жеке даму" бағдарламасынан тыс) немесе оқушы жүктілік туралы хабарласа, онда мұндай оқушыға қолдау көрсету қажет. Бұл мәселені ата-аналармен талқылауға және қажет болған жағдайда көмек ұсынуға кеңес беру керек. Егер оқушы мұны істеуден бас тартса, онда тиісті біліктілігі бар медицина қызметкерінің көмегі сұралады және тиісті ұсыныстар беріледі.
- Оқушының аман-саулығы маңызды болғанымен, біз абай болуымыз керек және ата-аналардың немесе қамқоршылардың құқықтарын есте ұстағанымыз жөн.